

Омар Далбайұлының көзін көрген қазіргі әріптес-індерінің сөзінен білгенімдей, ол қаншама жыл бас геолог болып жоғары лауазымда қызмет атқарса да, өте қарапайым қалпынан айнымаған.

Өңірге белгілі адамдар жайлы мәлімет іздесек, әдетте ғаламтор желісіне көз салатынымыз бар. Жасыратыны жоқ, бар саналы ГИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫН АУДАНЫНЫң ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА АРНАҒАН ОМАР ДАЛБАЕВ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙМА БІР ДЕРЕККЕ КЕЗІГЕМ БЕ ДЕГЕН УМІТПЕН АЛҒАШҚЫ ӨЗІРДЕ МЕН ДЕ СОЛ ҮРДІСКЕ ЖҮГІНГЕНМІН. БІРАҚ ЖАРЫТЫМДЫ ЕШТЕНЕ ТАБА АЛМАДЫМ. ТЕК «КЕҢ ЖҮЛОІ» ГАЗЕТІНІҢ САЙТЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ «КСРО-ДАҒЫ ЕҢ ТЕРЕҢ СКВАЖИНАДАҒЫ СЫНАҚ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫППЕН ЖУРНАЛИСТ АЙТУАР ӨТЕГЕНОВТІҢ ЖӘНЕ ОБАЛЫСТЫҚ «ПРИКАСПИЙСКАЯ КОММУНА» ГАЗЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ МҮНАЙШЫ, БАЛАУШЫСЫ МАҚАШ РАХМЕТОВ ЖАЙЛЫ ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛАЛАРҒА КЕЗІКТІМ. ОНДА ОМАР ДАЛБАЙҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ БІРНЕШЕ РЕТ АТАЛАДЫ.

Алғашқысында басты кейіпкеріміздің 1974 жылдың қаңтарында сол дәуірде атағы бүкіл Одаққа танылған Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясының бас геологі қызметін атқарып, Биікжол аса терең мұнай-газ барлау-бұрғылау экспедициясының «СГ-2» скважинасындағы ірі сынаққа аттанып бара жатқанын көреміз. Ал Мақақ туралы шағын очеркпен Омар ағамыз екеуінің жастық шақтың қызығын бірге бөліскен, 1951 жылы Мырзабай Тілеубектермен бірге арман қуып ару Алматыға аттанған студенттік достар екенін, кейін аймақтың мұнай-газ, барлау-бұрғылау саласына бірге еңбек сіңірген әріптес азаматтарға айналғанын аңғарамыз. Сондықтан елімізге еңбегі сіңген геолог, Еңбек ардагері Омар Далбаев жайлы деректер іздегенде, ең алдымен, онымен қызметтес, жолдас болған тірі куәгерлердің әңгімесіне жүгінуге тура келді. Оның бірі де бірегейі — Мақаш Рахметов ағамыз.

Облыстық Мәслихаттың VIII сессиясының шешімімен жақында Атырау облысының Құрметті азаматы атағын алған ақсақал 90-нан асса да әлі тың. Студент күнгі досы, әріптесі хақында «Жер қойнауының Құрметті барлаушысы» былай деп тебіренді: - 1951 жылы мен, негізінен, құжаттарымды Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазМУ) журналистика факультетіне тапсыруға тиіс едім. Бірақ жолшыбай Омар мен Мырзабай бастаған досорлық жігіттермен кездесіп, танысқаннан кейін бағытым өзгеріп кетті. Сөйтіп мен де олармен бірге академик Қаныш Сәтбаевтың құрып жатқан «Геология география» факультетіне барып, оқуға түсіп кеттім. Омармен екеуіміз жатақхананың бір бөлмесінде жаттық, студенттік шақтың қызығын бірге көрдік. Бірақ кейін ол денсаулығына байланысты оқуын жалғастыра алмады да, бізден бір курс төмен бітті. Университетті тәмамдағанда біз «Инженер-геолог мұнайшы» деген мамандық алып шықтық та, туған жерге оралдық. Омар досым еңбек жолын 1957 жылы Құлсарыда оператор болып бастап, кейін Көшімбет, Тәжіғали кен орындарына аға геолог болып ауысып кетті. Әрмен қарайғы өмірі мен еңбек жолы ауданның геология саласымен тығыз байланыста өтті.

Мақаш Рахметовтың айтуынша, Омар Далбайұлы Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясына бас геолог лауазымына тағайындалғанда небары 37 жаста екен. Өзіне жүктелген үлкен міндетті мінсіз атқаруға тырысқан ол осы қызметті тапжылмастан құрметті еңбек демалысына қалғанына атқарады. Ең алдымен, сол кездегі Құлсары мұнай-газ барлау экспедициясының геология бөлімін басқарған жас басшы бұл уақытта тереңге тәжірибе бойлатқан мықты маманға айналған еді. Омар Далбаевтың тікелей атсалысуымен, аудан аумағындағы көптеген кен орындары ашылып, халықтың игілігіне берілген. Соның ішінде, Махаңның атап өткені Прорва, Қарасор, Қара-Арна, Тортай, Шөлқара, Қисымбай сынды кеніштер мен Үлкен төбенің маңындағы бірнеше алаңдардың ашылуына мұрындық болған. Бұл тек Мақаш досының есінде қалған мұнай кәсіпшіліктері ғана.

-Ол 1960 жылдардың басында Теңіздей алыптың ашылуына жол салып берген Прорваның дүниеге келуіне тікелей атсалысты. Кеніштің келешек келбеті, жалпы сипаттамасы жайлы геологиялық дәлелдеме жазғанын жақсы білемін. Одан басқа Қара-Арнаның қорын есептеп, Тортай, Шөлқара, Үлкентөбе мен оның төңірегіндегі жерлердің тұзасты қабаттарын зерттеп, мұнай көздерін тапты. Оның 70-жылдардың бел ортасында ашқан Қарасор әлі күнге дейін өнім беріп тұр. Жалпы Омекеңнің өзі зерттеп, ашқан Тортай, Қисымбай секілді өзге де көптеген мұнай алаңдары жарты гасырдан астам уақыт өтсе де бүгінгі ұрпақ игілігін көру үстінде. Жалпы Жылыой жеріндегі күні бүгін игеріліп жатқан үлкеңді-кішілі мұнай көздері Кеңес Одағы кезінде Омекеңнің өз қолымен ашып беріп кеткен кеніштері еді, —



## БАС ГЕОЛОГ

дейді Мақаш Рахметов.

Қолдағы бар өмір-дерекке жүгінсек, болашақ геолог 1931 жылы Доссор поселкесінде қарапайым жұмысшы отбасында туған. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарымен тұспа-тұс келген Омар кішкентайынан қара алтын құнының қадірін біліп өседі. Өйткені соғыс кезінде Доссор мұнай майдан дала-сына өңдеусіз жөнелтілген тарихтан белгілі. Сондықтан бала кезінен титтей жүрегіне «Мұнайшы бола-

жоқ, өндірістегі ұстазымызға да айналды. Сол кісінің арқасында жоғары оқу орнынан алған теориялық білімімізді тәжірибелік тұрғыдан толықтырып, көп тәлім-тәрбие алдық. Геологиялық-техникалық шараларды сол кісінің нұсқауымен жасадық, есеп-қисапты талдауды, оны жауапкершілікке ала білуді, бәрін-бәрін жеке-жеке үйретті. Ол кезде талап өте қатаң, қағаздың барлығы орыс тілінде толтырылады. Сондықтан өндірістік процестерді жүргізіп, қадағалауды, жобанды

Иә, Омар Далбаевтың мектебінен өткен кешегі жас геологтардың өзі қазір жетпістің жотасынан асып, ақсақал атаңды. Олардың барлығы да аймақтың мұнай-газ барлау саласына еңбек сіңіріп, ұстазындай бас геолог дәрежесіне дейін көтеріліп, одан да жоғары басшылық қызметтерден көрінді. Олардың көпшілігі Омар ағаларымен бірге жүріп, үзеңгілес жолдас, әріптес болды. Соның бірі жақында ғана мерейлі 70 жасқа толған Балтабай Қаржаубаев:

-Мен Омар ағамызды 1973 жылдан бастап білемін. Ол кезде мен Оңтүстік Ембі мұнай-газ терең барлау экспедициясына диплом қорғап алдындағы өндірістік тәжірибеден өтуге келгенмін. Сол кезде менің көп уақытым геологиялық бөлімде өтті. Кен орнына барып келемін де, сонда отырып материал жинаймын. Омар Далбаев, Мырзабай Тілеубеков және басқа да басшы-геолог мамандармен бірге бір бөлмеде отырамыз. Оқу бітіргеннен кейін де осы экспедицияға бұрғышының көмекшісі ретінде жұмысқа орналасып, бақандай тоғыз ай жұмыс жасадым. Сөйтіп жүргенімде бас геолог Омар Далбаевтың өзі шақырып алып, мені ұңғыларды зерттеу операторы етіп өз мамандығым бойынша жұмысқа ауыстырды. Боранқұл кен орнында жұмыс жасадым. Атағым оператор болмаса, көбіне көп геологтардың міндетін атқарған екенмін. Содан кейін қызмет бабында тығыз қарым-қатынас орнаттық. Сонда байқағаным:

оның өмірдегі де, еңбектегі де жан досы-әріптесі Мырзабай Тілеубеков деген кісі екен. Екеуі университетте бірге білім алған, ол Солтүстік Үстірт мұнай-газ барлау экспедициясында бас геолог, ал Далбаев болса Құлсары мұнай-газ барлау экспедициясында бас геолог қызметін атқарды. Екі экспедиция қосылғанда Омекең бас геолог, ал Мырзабек геологиялық бөлімнің басшылығына тағайындалды.



мын!» деген асқақ арман қонақтаған жас бозбала мектеп бітірісімен сол дәуірдегі жастардың қиялын тербеткен арман қала Алматыны аңсайды. Бірақ онжылдықты үздік бітірген жас түлек алғашқы әзірде Мақат аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып жұмысқа орналасып, ата-анасы мен бауырларын қамқорлауына тура келді. Кейін талапты жастың арманы орындалып, 1951 жылы Қазақтың Киров атындағы университетінің «Геология — географиялық» факультетіне оқуға түсіп, елге мұнайшы инженер-геолог болып оралды.

Ол заманның жазылмаған заңдылығы бар: жоғары білімді қандай маман болсаң да, ең алдымен, өндіріс ошағының отымен кіріп, күлімен шығасың! Жас маман Омар Далбаевтың да осы сынақтан өтуіне тура келеді. Мұнай-газ саласындағы еңбек жолын Құлсары кәсіпшілігінде қарапайым ұңғыларды зерттеу операторлығынан бастайды. Кен орнында «толарсақтан саз кешіп» жүріп, шындалған жастың жүрегіндегі балауса арманы жетік жер астынан қара алтын өндіріп жатқан қалалармен бірге тербеліп, құс қанаты жетпеген қырларға самғайды. Осылайша біраз жылдай жапан түздегі тынымсыз еңбек дүбірмен бірге тыныстап, тер төккен жас жігіттің еңбек жолы бірте-бірте өзінің негізгі мамандығына қарай ауысады.

-Ол 1969 жылы Құлсары мұнай-газ барлау экспедициясының бас геологі болып тағайындалған болатын-ды. Кейін ол Солтүстік Үстірт мұнай-газ барлау экспедициясымен қосылып, Оңтүстік Ембі терең мұнай-газ барлау-бұрғылау экспедициясы құрылды. Алғашқы басшысы Берген Жоламанов, Болат Өтебаевтар болды. Мен 1973 жылы осы экспедицияға геолог болып жұмысқа орналастым да, Омар аға менің тікелей бастығым болды. Жас геологтар Халел Шпашев, Балтабай Қаржаубаев, Мәлік Кептілеуов, Келтір Шәненов, Ахмет Сахиевтер бар бәріміз жас геолог ретінде бір жылдың ішінде қызметке орналасқан едік. Омар Далбайұлы бас геолог ретінде біздің басшымыз болып қана қойған

қорғап, ойынды орысша жеткізе білуді, жазғаныңды қатесіз толыруды, бәрін-бәрін қадап тұрып меңгертті. Бір сөзбен айтқанда, Далбаевтың өзі бір мектеп еді ғой. Біз сол өндірістің өмірдің үлкен мектебінің ұлағатын ұстазының тәлім-тәрбиесінен өтіп, шыңдалып, білікті кадрға, мейталанман маманға айналдық. Кейін басқа жұмысқа ауысып кеткен едім. Бірақ 1991 жылы Омар ағамыз зейнеткерлікке қалайтын болған соң, мені экспедицияға арнайы шақырып, өзінің орнына бас геолог етіп тағайындапты кетті. Онда экспедиция тарағанына еңбек еттім, - дейді аймақтың геология саласының ардагері, «Жер қойнауының Құрметті барлаушысы» Есберген Аймағамбетов.

1959-1965 жылдары Қырымалтық, Ақтөбе, Үлкен төбе, Морская, Каменная, Арыстановская алаңдарында барлау жұмыстары жүргізіліп, Прорва, Ақтөбе кен орындары ашылған. Одан кейін барлау жұмыстары Еділ мен Жайықтың арасындағы алаңдарға қарай ойысып, ондағы іздестіру, барлау жұмыстарының барлығына да экспедицияның бас геологі Омар Далбаевтың өзі басшылық жасады. Ол жерлерде Мартыши, Камыши, Жаңа талап, Аймамбет, Кебір, Жайыған секілді алаңдарда барлау-бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, жаңа кен орындары ретінде пайдалануға берілді. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі «Жылыой мұнайгаз» және «Жайық мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының игеріп отырған мұнай алаңдарының қай-қайсысында да сол кездегі Оңтүстік Ембі мұнай-газ терең барлау-бұрғылау экспедициясының бас геологі Омар Айжарықұлының қалдырған қолтаңбасы бар.

Есберген ақсақалдың айтуынша, одан кейін, дәлірек айтқанда, 1987 жылы Жосалы сай алқабынан ең терең ұңғыма қазылған. Оның тереңдігі 6200 метрге дейін жеткен. 1989-1991 жылдар аралығында Мөтен, Қарашұңгіл, Ембі, Шығыс Табынай, Құмшөгі, Үш мола секілді алаңдардан жүргізілген мұнай іздестіру жұмыстары да Омекеңнің жетекшілік етуімен жүзеге асып, оң нәтиже берген.



бірде-бір жоғарғы атақ-даңққа, үлкен марапатқа қызықпапты. Экспедиция уақыт сүрген жарты гасырға тарта уақыт ішінде одан төрт Социалистік Еңбек Ері мен Құрметті барлаушылар шықты. Бірақ олардың барлығы да өндірістің басы-қасында жүрген геологтар мен бұрғышыларға берілді. Көпшілігін Омекеңнің өзі ұсынғып, өз қолымен табыстады. Еліміз егемендік алғаннан кейін де көптеген геологтар «Жер қойнауының Құрметті барлаушысы» төсбелгісін кеудесіне қадады. Өкінішке орай, олардың бірде-бірі бас геолог Омар Далбаевқа бұйырмады. Оның үстіне, ол өзгелер секілді жарқырап жарыққа шығуға құштар болмаған. Өзі көтерген еңбек озаттарының есімі мен фотосуреті аудандық, облыстық мерзімді басылымдардың бетінен түспейтін, жұртшылыққа кеңінен насихатталып жатса, бас геолог ондай мақтауларға құмартпады. Сондықтан да болар, ол кісінің өмірі мен еңбек жолы жайлы өткен баспасөз беттері мен энциклопедиялық кітаптардан толыққанды көп деректер кезіге бермейді. Тек оның көзі тірісінде алған Құрмет грамоталарын айтпағанда, «В.И. Лениннің туғанына - 100 жыл», «Еңбек ардагері», «Жер қойнауын барлаудағы еңбегі үшін» медалдарымен марапатталып, «Гурьев мұнай-газ барлау» бірлестігінің «Құрметті ардагері» атануы - оның бүгінгі ескеден ұрпақ алдында қандай еңбек сіңіргенін аңғартса керек.

Қазіргі отандық және шетелдік компаниялардың игеріп жатқан кеніштерінің көпшілігін кезінде Омар Далбаевтар ашып, консервацияға қойып кеткен еді. Олардың көпшілігі Маңғыстау облысының аумағында орналасқан. Айталық, Шағырлы-Шомышты газ кенішінен бейнеуліктер газ өңдеу зауытын салып, пайдаға асырып отыр. Тортай отандық компания иемденсе, Арыстановскаяны корейлік «KNOC» компаниясы игеру үстінде. Санай берсе осы секілді кеніштер жетерлік. Бір қынжылаулығы, кешегі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Геология министрлігі де бірге тарап, одан кейін Қазақстанда ондай министрлік құрылмады. Геология болмаған соң, жаңа кен орындарын ашу үшін айтарлықтай барлау жұмыстары да жүргізілмеді. Қазіргі қолданыстағы мұнай алаңдары сол Омар Далбаевтай білікті геологтардың кейінгі ұрпаққа қалдырған аманаты.

Қарындасы, мұнай-газ саласының ардагері Жұмазила Далбаеваның айтуынша, ата-анасы Далбай Құлниязов пен Ақкенже Өтеулықызы қарапайым шаруа адамы болған. Олардың отбасында екі ұл мен төрт қыз бала дүниеге келеді. Балааларды үлкен ағасы Мұңал Далбаев қамқорлаған. Далбай ақсақалдың үлкен ұлы Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралғаннан кейін ауданның, қала берді аймақтың журналистика саласына зор еңбек сіңірген, 20 жылға тарта «Ембі» («Кең Жылой») газетінде бас редактор болған қаламгер екені белгілі. Жалпы бұл әулеттің екі ер баласы Мұңал мен Омар Далбаевтар жастайынан өз беттерінмен талпынып білім алып, жауапты қызметтер атқарып, жұмыс бабымен Құлсарыға қоныс аударған. Омар Далбайұлы 1959 жылы өмірлік қосағы Қиладж Жұмағазықызымен отау құрып, 40 жыл отасқан бақытты жаңаға атанады. «Әке көрген оқ жонар, шеңсе көрген тон пішер» дегендей, қызы Ғалия Омарқызы да әке жолын қуып, жоғары білімді геолог болды. Қазір Ақтөбе қаласында тұрады, зейнеткерлікке қалса да сүйікті кәсібін қол ұзген жоқ.

-Үйіне бара қалсам, Омар құдам маған домбыра ұсынғып, Мақтықмұддығ термесі мен Қасым Аманжоловтың «Өзім жайлы» өлеңін айтқызыпты. Терме жолдарындағы: Биік таулар бойшаңмын деп шірленбе, Бір күн құлап сен де типыл боларсың.

Терең теңіз тәкаппарсып түнерме, Суың келсе, сен де бір шөл боларсың, - деп басталатын философиялық мағынасы бар жыр жолдарын тебірене тыңдап, терең ойға батамын, - деп еске алады әнші-сазгер Қуаныш Бекенов.

Иә, өмірден түйгені көп азаматтың өзінің гибратты ғұмыры да терең философия мен өнерге толы. Егер тірі болса, Еңбек ардагері, геолог Омар Далбаев торқалы 90 жастың төріне шығар еді. Бірақ, амал не, атымтай азамат жетпістің жотасына да жете алмай өмірден өтіп кетті. Ендігі мақсат: ертіміз үшін еселе еңбек еткен ердің есімін мәңгілік ел есінде қалдыру, сол арқылы оның болашақ үшін тындырған игі істерін жарқыратып жарыққа шығару, ұрпаққа үлгі-өнеге ету.